

«Қирандылардағы күлкі»
Автор - Мохаммед Мухейсен
Сапон амбассадоры

Суреттің ортасында үш дөңгелекті ағаш арбада кішкентай ауған қызы тұр. Үстінде – бозғылт-күлгін камиз-шалбар (балағы бар ұзын көйлек), басында – күлгін орамал.

Оң қолы үстінде қалқып тұрған қызғылт шарға қарай созылған. Шарға күлімсірей қарайды, оң қолы алға ұмтылған, басы артқа қисайған, жанары – шарда.

Артқы көріністің сол жағында – қалың жейде киген бала. Екі қолын көтеріп, әлгі қызға қарап тұрғанынан өте көңілді екені көрініп тұр. Сәл оңға қарай, алдыңғы қатардағы ағаш арбаның артында түрлі бояумен қанық сырланған тағы бір арба тұр.

Суретте тағы бір қыздың сұлбасы бар. Басында қаралау орамалы бар, қолдары қанқзыл қалпақ киген кішкентай баланы мейірлене құшақтап тұр. Олар шарға ұмтылған қызға қарап, мәз-мейрам.

Оң жақта қара мүйізі жерге иілген сиыр жайылып жүр. Сиырдың артында кірпіштен қаланған шағын ғимараттың қабырғасы көрінеді. Жайылып жүрген екі ешкінің қасында тағы бір сиыр тұр. Одан әрі сол жақта сәл ғана ашық ағаш есік көрінеді. Кадрдың сол жағында балалар азық-түлік дүкенінде кәмпіттің кезегінде тұр.

«Бұл суретті Пәкістанда түсірдім, суреттегі балалардың барлығы – ауғандық босқындар. Сурет жалпы бұлыңғырлау болғанымен, ортадағы қыздан, киімінің ашық түстерінен, жарқын да шынайы күлкісінен үмітке жетелейтін күш еседі. Сурет 2014 жылдың ақпан айында Пәкістан астанасы Исламабадтың шетінде түсірілген, ондағы көрініске жүздеген ауғандық босқындар тұратын ауданда куә болдым. Ол «ауған колониялары» деп аталатын көптеген елді мекендердің бірі ғана.

Суретке түсірумен айналысқан 20 жылдың төрт жарым жылын Пәкістанда өткізіппін. Бар уақытымды осындай аудандарды аралап, онда тұратын босқындардың күнделікті өмірін түсіруге арнадым. Сонда өмір сүріп жатқан адамдармен танысып, сеніміне кіру үшін арасында жүрдім, бірге уақыт өткіздім. Күнделікті тіршіліктері туралы объективті көзқарас қалыптастыруға осы жағдай әсер етті.

Шындықтың ащы дауысы айғай салған көріністерді камераға хаттап алу үшін көшелерді аралау күнделікті қызметіме айналды. Бірде жақын маңнан ұл-қыздардың шат күлкісі назарымды аударған соң, қасына жақындап, суретке түсіріп алдым, әңгімеге тарттым.

Суреттегі балалардың ата-әжесі 1979 жылы туған жерінен кетуге мәжбүр болып, Пәкістанды паналапты. Мұнда 1979-1989 жылдары Кеңес Одағының басқыншылығын, түрлі қақтығыстарды көрген екі миллионнан астам ауған босқыны тұрады.

Алдымен олар шекараға жақын жерде қоныстанған екен, кейін Пәкістан астанасының шетіндегі осы аймаққа ауыстырылған. Туған-туыстарымен және ауған қауымының өкілдерімен бірге ашық жерлерде саздан үйлер тұрғызады.

Балалардың көпшілігі ата-анасының қолының қысқалығынан мектепке де бара алмайды. 2023 жылдың 1 қарашасынан бастап Пәкістан билігі заңсыз мигранттар мен заңсыз қоныстануға қарсы күрес аясында осы аудандардың көпшілігін қиратты.

Ауғандық балалардың күнделікті өмірін түсіретін жұмысым Everyday Refugees Foundation деп аталатын голландиялық коммерциялық емес ұйымды құруға мүмкіндік берді. Фотокамерама түскен қыздардың білім алуы үшін мектептер ашып, оны қаржыландырдық. Барлық мәселелерін шешіп тастамаса да, тым болмаса балалардың білім алу құқығын қамтамасыз етті.

Кез келген қақтығыс басқаларға қарағанда балаларға көбірек азап әкелетінін өз тәжірибемнен білемін. Балалардың қай жерде туып, қандай жағдайда өмір сүретінін таңдайтын мүмкіндігі жоқ. Суретте көрсетілгендей, бүкіл әлемдегі балалардың бәрі қауіпсіз, көңілді әрі бақытты ортаға ұмтылады.

Canon EOS 5D Mark III құрылғысымен түсірілген суретті «Қирандылар арасындағы күлкі» деп атадым. Себебі, адам қайғының өзінен де қуаныш, жұбаныш іздейді. Босқындар өміріндегі көптеген қуанышты сәттер сияқты, бұл мезет те қысқа болды. Шар ұшып кетті, қыз артынан қуалай жөнелді. Осы көріністі мәңгілікке қалдыру, әлеммен бөлісу мүмкіндігі маған бұйырыпты.